



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

және іскерлік сапарлар. Бұл екі туристік өнім халықаралық нарықта үлкен мүмкіндіктерге ие. Ішкі туризм Қазақстанның ЖІӨ-не қарағанда екі есе өсетін болады, іскерлік туризм мемлекеттің ЖІӨ-мен қатар өсетін болады.

➤ Қазақстан бойынша экологиялық турлар ел аумағында жоғары потенциалға ие, бірақ халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігі төмен. Осы турөнімге деген әлеуетті қызығушылық 8,9 млн адамды құрайды (немесе жалпы әлеуеттің 63%-і). Бұл турлар әлемдік нарықта ең таңдаулы позицияға ие және Қазақстанның табысының негізгі көзі бола алады.

➤ “Далалық сафари” деп аталатын турөнімнің жаңа типіне 6,6 млн туристік лектің қызығушылығы көрініс табуда, дегенмен, қазіргі таңда осы турөнім әлемдік нарықта үлкен сұранысқа ие болатындай жүйелі философиямен және дизайнмен ұсынылған жоқ.

➤ Қазақстанда Каспий теңізінде жағажай туризмін дамытуға болатындай мүмкіндіктері бар. Бұл турөнімнің әлеуеті жоғары болғандықтан, оны халықаралық стандарттарға сай жасау қажет. Аталған туристік өнім әлеуетті туристік лектің 6,7 млн-ын тартады және Қазақстан үшін үшінші перспективалық туристік өнім болуға мүмкіндігі бар.

➤ Сонымен қатар, орташа әлеуетке ие екі туристік өнімді атауға болады: жабайы табиғаттан әсер алу және Байқоңыр ғарыш айлағы. Жабайы табиғат бойынша турлар қазіргі таңда Қазақстанда анағұрлым сатылымға ие. Бірақ туристік лектің 3,2 млн потенциалымен негізгі өнім бола алмайды. Байқоңыр ғарыш айлағы 2,7 млн шетел туристік лектерін қамтуы мүмкін. Ол егерде халықаралық класқа сәйкес инфрақұрылыммен жабдықталса, Қазақстанның табысты өнімі бола алады.

Қолданылған әдебиет

1. Оспанов Г.М. Международный туризм как форма внешнеэкономической деятельности Казахстана// Диссертация PhD. Қарағанды. 2014. 134-136б.
2. www.komektour.ucoz.kz
3. www.altaytravel.ru
4. www.astanabesttravel.kz
5. Смыкова М.Р. Туризм: экономика, менеджмент и маркетинг. – Алматы. 2006.

ӘОЖ 338. 48 (574.53)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК ЖАҒДАЙЫ МЕН ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Жақан Айдана Әлібекқызы, Күзербай Нургуль Кенжебекқызы

Kuzerbai.nurgul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Жолманова

Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуында жаңа межелер көрсетілген. Ал туризм ел экономикасының басымды бағыттарының бірі ретінде туризмді дамыту қажет. Туризм қазіргі таңда әлемдік экономикада маңызды салалардың бірі болып отыр. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мағлұматы бойынша туризм әлемнің Жалпы Ұлттық Өнімінің оныншы бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 астам пайызын құрайды. [1]

Оңтүстік Қазақстан аймағы инфрақұрылымы дамыған, өнеркәсіптік және ғылыми-мәдени жағынан маңызды, орасан зор табиғи қорлары мен жеткілікті еңбек ресурстары бар үлкен өндірістік - экономикалық мүмкіндіктері бар аймақ болып табылады. Ерте кездердің өзінде Оңтүстік өңірі, оның Отырары мен Түркістаны, Сайрамы мен Шымкенті, Қаратауы

мен Алатауы, Мырзашөлі мен Қызылқұмы, Созағы мен Қазығұрты, Сырдариясы мен Арысы сияқты таулары, өзен-сулары, жазиралы далалары, берекелі құмдары баршаға белгілі болған. Аймақта туризмнің бірнеше түрлерін бір-бірімен сабақтастыра дамытуға болатын мәдени, танымдық, тарихи, діни, санаторлық, емдік-сауықтыру туризмінің үлкен әлеуеті бар.

Кең байтақ Қазақ жері әлеуметтік-экономикалық жағдайы, халықтың тұрмысы мен шаруашылық қызметіне қарай бірнеше шартты түрде аймақтарға бөлінеді: солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс және орталық. Әр аймақтың өзіне тән туристік әлеуеті бар.

Әсіресе Оңтүстік Қазақстан аймағында табиғат байлықтары көп кездеседі. Оңтүстік Қазақстан аймағында - ОҚО, Алматы, Жамбыл, Қызылорда облыстарына саяхаттаушылар саны көп. Аймақ өзінің бай тарихи және мәдениетімен атақты, оның негізгі дәлелдері Тараз қаласында орналасқан Айша-Бибі, Қарахан, Бабаджа-Хатун архитектуралық мавзолейі; Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі, Қызылордадағы Оқшы Ата кесенесі және т.б. Сонымен қатар Алматы облысындағы Жетісу өлкесіндегі ғажайып Сақтардың мазаратты дөңбешіктері Тамғалы тастарында айтуға болады. Оңтүстік Қазақстан аймағында әлемге әйгілі атақты Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан.[3]

Аймақ Қазақстанның тарихи орталығы, мұнда 1111 тарихи және мәдени ескерткіштер бар: 931-і археологиялық, 44-і тарихи, 136-ы сәулет ескерткіштері болып табылады.

Аймақта еліміз үшін өте маңызды Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен көне Отырар мен Сауран, Сайрам, Сығанақ тағы басқа ежелгі қалалар орналасқан. Аймақ этнографиялық, тарихи-археологиялық нысандармен кеңінен қамтылған және әлемдік туристік нарықта сұранысқа ие табиғи демалыс орындарына ие, олар: Ақсу-Жабағлы, Сайрам-су, Өгем, Біркөлік шатқалдары. Осы аймақтарға саяхат жасауды жеңілдету мақсатында жыл сайын облыстық, республикалық маңызы бар жолдар ағымдық және күрделі жөндеуден өткізіліп тұрады, солардың ішінде «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» магистралын салынуы туризмді дамытуға едіәуір үлес қосады деген сенімде. [4]

Аймақта туризмді дамытудың негізгі басымдықты бағыттары бойынша жұмыстар атқарылуыда:

- мінәжат ету;
- экологиялық;
- емдеу-сауықтыру;
- балық, аң аулау және т.б. туризм түрлері бойынша.

Өңір өзінің туристік мүмкіндіктерін таныту үшін халықаралық туристік іс-шараларға, көрмелерге, жәрмеңкелерге тұрақты түрде қатысып отырады.

Оңтүстік Қазақстан аймағында туризмді дамыту мақсатын жүзеге асыру үшін, қажетті бірегей туристік рекреациондық ресурстар бар, олар тек қана еліміздің ғана емес, бүкілі әлемнің тарихы құнды жәдігерлері болып табылады. оған дәлел аймақтағы бірнеше тарихи ескерткіштердің ЮНЕСКО ұйымының ерекше қорғау алуын жатқызамыз. Бұл ресурстар халықаралық стандартқа сай туристік қызметті дамытуға республикадағы туристік индустриямызды қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша бүгінде туристік инфрақұрылымды дамытуға мемлекеттік тарихи ескерткіштер, табиғат және мәдениетке келесілерді жатқызуға болады – Түркістандағы Күл-төбе қалашағы, жер асты жолдары, Рабиға Сұлтан-бегім, Таукехан, Есімхан, Жәңгірхан, Абылай хан кесенелері, ортағасырлық монша, көпірлер мен тарихи дарбазалар, Арыстан баб кесенесі, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі, тарихи құрылысты, коммуникация жүйесі, Түркістан-Отырар көлік тас жолы, Шымкент қаласы, ұлттық құрылыс, 150 орындық "Саяхат" қонақ үйі, керуен-сарай Беглербек, Исмаил ата мен Ысқақ ата мешіті, тарихи орталық Сайрам ауылы, Жуан төбе қалашығы, Бөріжары бейіті, Аққойлы мешіті, Ақсу-Жабағалы қорығы, Отырар қалашығы, Арыстан баб кесенесі, ортағасырлық Баба ата сарайын, «Қырық қыз» бекінісі, Сауран қалашығы Үшарал-Жаркент-Алматы-Тараз-Шымкент-Түркестан-Ташкент көлік жолын және т.б. жатады.[5]

Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша туристік аймақтардың құрылысы қазіргі таңда


қолға алынып отыр мысалы, туристік аймақ құрылысы бойынша халықаралық туризмді дамыту тәжірибесін және ДТҰ-ның ұсынысы бойынша аймақта табиғи және тарихи-мәдени ерекшеліктер құрылысын жүргізу жобалары қаралды. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары 2015 жылға туристік объектілерді қалыптастыру жобаларын әзірлеуде, мұнда қаржылық объектілерін, мұражай және тарихи кесенелерді, ескерткіштерді қайта өркендету мәселелері қарастырылған.

Аймақ көлемінде 2014 жылдың 1 қаңтарындағы есептік талдау нәтижелері бойынша 101 туристік ұйымдар мен 89 жеке кәсіпкерлер өз қызметтерін жүзеге асыруда. [2]

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2011 жылы аймақ территориясында 161 туристік объект болды, олардың ішінде: туристік фирмалар - 52, туристік қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлер саны – 31, орналастыру орындары - 78.


Ал 2012 жылы туристік объект құрамына тағы 102 объект қосылды, яғни 263, оның ішінде: туристік фирмалар – 89, туристік қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлер – 52, орналастыру орындары – 44 объект қосылып 122 болды.

Бұл көрсеткіштерге сүйене отырып 2013 жылдың қаңтар-желтоқсан айлар арасында қала аумағында 294 туристік объект болды, оның ішінде: туристік фирмалар 101, туристік қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлер – 89, орналастыру орындары қосылып жалпы саны 104 (сурет 1) жетті.



Сурет 1 - Оңтүстік Қазақстан аймағындағы туристік кәсіпорындар саны
Ескерту: [5] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.


Туристік қызмет көрсетудегі негізгі көрсеткіштері 2011 жылы 98182,6 мың тг. болса, ал 2012 жылы 99341,1 мың тг., яғни 1258,5 мың тг. қосылған, ал 2013 жыл айларындағы көрсеткіш 72314,5 мың тг. құрайды, 2014 жылы 80156,5 мың тг., 2011 жылға қарағанда 2012 жылы туристік мекемелерге түскен пайдасы 1,3% көбейген. Қазақстандағы туристік фирмалардың қызмет көлемі қосымша адам көрсетілген. Ал 2015 жылы туристік мекемелер осы қарқынмен қызмет көрсете берсе жылдың соңына дейінгі көрсеткіш екі есеге өсетіні анық (сурет 2).



Сурет 2. Оңтүстік Қазақстан аймағында туристік фирмалармен орындалған қызметтердің көлемі, мың теңге.

Ескерту: [5] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.


Туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген туристер саны 2012 жылы 6214 туристке көбейіп, яғни 15981 туристі құрады, оның ішінде кіру туризм бойынша 115 адамға, шығу туризмі 10379 адамға, ал ішкі туризм 5487 адамға көбейгенін көріп отырмыз. 2013 жылдың қаңтар-қыркүйек айларындағы көрсеткіш 11521 туристке, оның ішінде кіру туризм бойынша 189 адамға, шығу туризм 7947 адамға, ал ішкі туризм бойынша 3385 адамға қызмет көрсетілген, 2014 жылы 13476 туристі құрады, оның ішінде кіру туризмі 216 адамға, шығу туризмі бойынша 9635 адамға ішкі туризм бойынша 4239 адамға көбейген. (сурет 12).



Сурет 3. Оңтүстік Қазақстан аймағында туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген туристер саны

Ескерту: [5] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

Жалпы алғанда 2012 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында қызмет көрсетілген туристер саны сәйкесінше 7231 және 10297 болса, бұл көрсеткіш 2013 -2014 жылдың осы уақытта 11521 туристке жеткендігіне қарап жыл сайын туристер санының артуын байқауға болады (сурет 4).



Сурет 4. Туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген туристер саны

Ескерту: [5] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

4-суреттен көріп тұрғанымыздай 2012-2014 жылдың қаңтар-қыркүйек мәліметтері бойынша жыл сайын өсу қарқыны байқалады.[5]

Оңтүстік Қазақстан аймағы бойынша туристік аймақтардың құрылысы қазіргі таңда қолға алынып отыр мысалы, туристік аймақ құрылысы бойынша халықаралық туризмді дамыту тәжірибиесін және ДТҰ-ның ұсынысы бойынша аймақта табиғи және тарихи-мәдени ерекшеліктер құрылысын жүргізу жобалары қаралды. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары 2015 жылы туристік объектілерді қалыптастыру жобаларын әзірлеуде. Оңтүстік

Қазақстан аймағындағы туризм саласының қазіргі деңгейін қарай отырып, даму қарқыны мен болашағына жоғары әлеуетін байқадық. Оңтүстік Қазақстан облысының туристік жағдайын дамыту бойынша мынандай ұсыныстарды қарастыруға болады:

- Бүгінгі күнде аймақ адамдардың қызығушылығын күннен күнге артып, жоғары туристік бағдар ретіндегі саяхатшыларды көбірек тарту үшін, жергілікті туроператорлардың ұсынатын қызмет түрлерін жылдан жылға ұлғайту керек.

- Аймақта туризмнің көптеген түрлерін ұсыну қажет - танымдық, тарихи, аңшылық, көңіл көтеретін ойын-сауық, этникалық, экологиялық, діни және т.б.

- Таудағы тар жолдар - ең көп меңгерілгендіктен күрделі жөндеулерден өткізу қажет, себебі ол және экономикалық қарым-қатынас жасауда маңызды рөл атқарады;

- Табиғи және тарихи-мәдени ерекшеліктер құрылысын жүргізу жобаларын дамыту қажет;

- Инвесторларға демеу қаржы бөлу, жеңілдіктер беру және салық жеңілдіктерін беру керек;

- Оңтүстік Қазақстандағы экотуризмді дамыту тәсілдерін жолға қою, туристік объектілерге апарар жолдың сапасын жоғарлату керек;

- Ішкі және келу туризмі үшін орналастыру орындарын арттыру;

- Келушілердің болу ұзақтығының 2012 жылының деңгейінен - 10 %-ға, 2013 жылы - 12 %-ға, 2014 жылы - 15 %-ға өсуі, 2015 жылы - 30 %-ға өсіру;

- Оңтүстік Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру;

- Туристік орталықтар, кешендер мен орналастыру объектілерін салу;

- Тау шаңғысы туризмінің инфрақұрылымын жасау;

- Оңтүстікте 2* және 3 * турклассты қонақ үйлер желісін дамыту;

- Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданындағы «Қасқасу» туристік-рекреациялық кешенінің инженерлік-коммуникациялық желілерінің ЖСҚ әзірлеу және салу;

- Медеуден Шымбұлаққа дейін арқан жолын салу және тау шаңғысы курортының сырғанақ тебу аймағын кеңейту.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар

2. Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2012 - 2015 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100001048>

3. Оңтүстік Қазақстан аймағы туралы [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: http://kaz.textilezone.kz/about_rk/south_region/127-o1187t1199stk-1178aza1179stan.html

4. Оңтүстік Қазақстан облысының 2012-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы Шымкент, 2010. 128 б.

5. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты. Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>

ОӘЖ 338.482.2(574)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚТАРДЫ ДАМУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жанділла Бимерей Дәуренқызы

bimerei@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының
4 курс студенті, Астана, Қазақстан